

Г.Д. Кошикбаева , Б.К. Еликбаев , Ә.О. Ыбырайым\* 

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

\*e-mail: [azimchan23@mail.ru](mailto:azimchan23@mail.ru)

## СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕНІМДЕРДЕ БІЛДІРЕЛІН МОДАЛЬ РЕҢКТИ МАҒЫНАЛАР

Мақалада қазақ тіліндегі сұраулы сөйленімдердің белгілі бір ақпарат алу мақсатында қолданылып қана қоймай, сөйлеушінің әртүрлі көзқарасын білдіретін құптау (мақұлдау, келісу), кеңесу (ақылдасу), ұсыныс жасау, ақталу, ескерту, рұқсат сұрау, тыйым салу, қарсылық, наразылық, мәжбүрлік (шарасыздық, көну), өтіну, жалыну, қорқыту, кінәлау (жазғыру) тәрізді модаль реңкті мағыналар қарастырылды. Аталған модаль реңкті мағыналар сұраулы сөйленімдерде негізінен сұрау есімдіктері, ма/ме, ша/ше сұраулық демеуліктері, ғой нақтылау демеулігі, сұрау мәнді тілдік бірліктер (одағайлар), тұрақтанған құрылымдар және басқа да тұрақты тіркестер, сөйлемінің жалпы мазмұны, сұраулы интонация арқылы білдіріледі. Сонымен қатар аталмыш модаль реңкті мағыналар сұрау есімдіктерінің, сұраулық демеулігінің басқа да әртүрлі құрылымдармен бірге қолданылуы арқылы да берілуі мүмкін. Аталған модаль реңкті мағыналар сұрау есімдіктерінің, сұраулық демеуліктерінің, сұралатын ақпаратқа тікелей қатысты сөздің қайталануы және басқа да тілдік бірліктердің (етістіктің рай тұлғалары, аналитикалық форманттар және т.б.) қолданылуы арқылы күшейе түседі. Сұраулы сөйленімдерде жоғарыда аталған модаль реңкті мағыналарды білдіруде тұтас мәнмәтіннің (синтаксистік тұтастықтың) мазмұны маңызды қызмет атқарады.

Зерттеуден алынатын нәтижелердің құрылымдық, коммуникативтік грамматика және прагмалингвистика салалары тұрғысынан ғылыми-теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары, сонымен қатар оқыту процесінде қазақ тілінің грамматикасын тиімді меңгеруге ықпалын тигізеді деп есептеледі.

**Түйін сөздер:** сұраулы сөйленім, модаль реңкті мағына, сұрау есімдігі, сұраулық демеулік.

G.D. Koshikbayeva, B.K. Yelikbayev, A.O. Ybyrayim\*

M. Aueзов South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent

\*e-mail: [azimchan23@mail.ru](mailto:azimchan23@mail.ru)

### Modal-semantic shades expressed by interrogative statements

The article considers the modal-semantic shades expressed by interrogative statements in the Kazakh language, which are used to obtain not only certain information, but also to express approval (consent), advice, suggestion, justification, warning, permission, prohibition, objection, protest, coercion (concession), request, entreaty, intimidation, accusation (reproach). The indicated modal-semantic meanings are expressed mainly in interrogative utterances by an interrogative pronoun, interrogative particles ma/me, sha/she, a concretizing particle goi, linguistic units with an interrogative meaning (interjections), established structures and other stable phrases, the general content of the utterance, interrogative intonation. Also, these modal-semantic shades can be expressed in speech using an interrogative pronoun, an interrogative particle together with other various structures. The indicated modal-semantic meanings are enhanced by repeating the interrogative pronoun, the interrogative particle, words directly related to the requested information, and the use of other linguistic units (verb mood forms, analytical formants, etc.). When expressing the above modal meanings in interrogative utterances, the integral context (syntactic integrity) plays an important function.

The results of the study have high scientific, theoretical and practical significance from the point of view of structural, communicative grammar and pragmalinguistics, and also contribute to the effective assimilation of the grammar of the Kazakh language in the learning process.

**Key words:** interrogative utterance, modal semantic shades, interrogative pronoun, interrogative particle.

Г.Д. Кошикбаева, Б.К. Еликбаев, А.О. Ыбырайым\*  
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент  
\*e-mail: Azimchan23@mail.ru

### Модально-смысловые оттенки, выражаемые вопросительными высказываниями

В статье рассмотрены модально-смысловые оттенки, выражаемые вопросительными высказываниями на казахском языке, которые используются для получения не только определенную информацию, но и для выражения одобрение (согласие), совет, предложение, оправдание, предупреждение, разрешение, запрет, возражение, протест, принуждение (уступка), просьба, умоление, запугивание, обвинение (укорение). Указанные модально-смысловые значения выражаются, в основном, в вопросительных высказываниях вопросительным местоимением, вопросительными частицами *ма/ме, ша/ше*, конкретизирующей частицей *ғой*, языковыми единицами с вопросительным значением (междометия), установившимся структурами и другими устойчивыми словосочетаниями, общим содержанием высказывания, вопросительной интонацией. Также данные модально-смысловые оттенки могут выражаться в речи с использованием вопросительного местоимения, вопросительной частицы вместе с другими различными структурами. Указанные модально-смысловые значения усиливаются за счет повтора вопросительного местоимения, вопросительной частицы, слов, непосредственно относящегося к запрашиваемой информации, и употребления других языковых единиц (формы наклонении глаголов, аналитические форманты и др.). При выражении вышеуказанных модальных смыслов в вопросительном высказывании важную функцию играет целостный контекст (синтаксическая целостность).

Результаты исследования имеют высокую научно-теоретическую и практическую значимость с точки зрения структурной, коммуникативной грамматики и прагмалингвистики, а также способствуют эффективному усвоению грамматики казахского языка в процессе обучения.

**Ключевые слова:** вопросительное высказывание, модально-смысловые оттенки, вопросительное местоимение, вопросительная частица.

### Кіріспе

Жалпы тіл білімінде сөйлемдер айтылу мақсатына қарай *хабарлы* (іс-әрекеттің орындалу мүмкіндігін немесе мүмкін еместігін білдіретін *болымды* және *болымсыз* сөйлемдер), *сұраулы* (нақты сұраулы, риторикалық, сұраулы-бұйрықты), *модальды* (бұйрықты, қалаулы, шартты, міндеттілік), *лепті* деп болып бөлінеді.

Қазақ тіл білімінде сұраулы сөйлемдерді білдіретін тілдік құралдар анықталып, олардың мағынасы (*ашық, альтернативтік, риторикалық, түрткі*) мен қызметі (*негізгі, жетек, анықтаушы*) айқындалған. Алайда сұраулы сөйлемдер құрылымдық грамматика тұрғысынан зерттеу нысаны болған еңбектерде оларды құрылысына қарай сипаттауға баса назар аударылып, мәнмәтіндегі семантикалық мағынасы, прагматикалық қызметі терең ашылмағанын айта кетуіміз қажет.

Қазіргі лингвистикалық зерттеулердегі антропоэктік бағыт әртүрлі тілдік құбылыстарға қатысты дәстүрлі көзқарастарды қайта қарап, оларға өзгерістер енгізу қажеттілігін көрсетіп отыр. Мысалы, қазақ тіл білімінде модальдылық категориясы функционалды-семантикалық тұрғыдан қарастырылып, оның мүмкіндік (Құлманов, 2010: 224-237), айқындық, міндеттілік,

шарттылық, қалаулық, бұйрықтық функционалды-семантикалық өрістері айқындалған (Құлманов, 2011: 525-658).

Қазақ тіл білімінде сұраулы сөйлемдерді функционалды грамматика, прагмалингвистика салалары тұрғысынан ішінара қарастырған зерттеулерді кездестіруге болады. Алайда олардың саны өте аз және негізінен мақала деңгейінде жазылып, оларда модаль реңкті мағыналар арнайы қарастырылмаған. Осы ретте сұраулы сөйленімдер білдіретін жоғарыда аталған негізгі (мүмкіндік, айқындық, міндеттілік, шарттылық, қалаулық, бұйрықтық) және басқа да модаль реңкті мағыналарды тілдік бірліктердің тура және жанама мағынасына (қызметіне), коммуниканттардың (адресант пен адресат) тілдік және аялық біліміне, әлеуметтік мәртебесіне, жасына, жынысына, сөйлеу жағдаятына және т.б. экстралингвистикалық жайттармен байланысты қарастыру функционалды, коммуникативтік грамматика және прагмалингвистика салалары үшін аса өзекті деп санаймыз.

Мақалада қазақ тіл біліміндегі сұраулы сөйлемдерге қатысты мынадай мәселелерді анықтау мақсаты қойылды: біріншіден, модаль реңкті мағыналарды білдіретін тілдік құралдарды анықтау, екіншіден, сұраулы сөйлемдер білдіретін модаль реңкті мағыналарды анықтау,

үшіншіден, модаль реңкті мағыналарды білдіретін тілдік құралдардың өзара байланысын, яғни жұмсалымдық әлеуетін көрсету. Осы аталған мәселелерді шешу мынадай тұжырымдар жасауға негіз болады: біріншіден, сұраулы сөйлемдерді құрылымдық грамматика тұрғысынан, яғни «тұлғадан мағынаға қарай», екіншіден, функционалды грамматика тұрғысынан, яғни «мағынадан тұлғаға қарай», үшіншіден, тілдік құралдардың коммуникативтік қызметін тереңдей зерттеуге мүмкіндік берсе, төртіншіден, зерттеуден алынған нәтижелерді болашақта прагмалингвистика саласы тұрғысынан, яғни тілдік құралдардың қолданысын адресант пен адресат және басқа да экстралингвистикалық жағдаяттармен байланысты қарастыруға жол ашады. Демек, зерттеуден алынатын нәтижелердің құрылымдық, коммуникативтік грамматика және прагмалингвистика салалары тұрғысынан ғылыми-теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары деп саналады. Сонымен қатар тілдік материалдарға жасалған талдаулар, яғни тілдік бірліктердің сұраулы сөйлемдердегі қолданысынан туындайтын мағыналарын айқындау оқыту процесінде қазақ тілінің грамматикасын тиімді меңгеруге ықпалын тигізеді деп есептейміз.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада ғылыми-теориялық негізі ретінде сөйлемнің мағынасы мен қызметі, сұраулы сөйлемдер жайындағы жалпы және қазақ тіл біліміндегі зерттеулер басшылыққа алынды. Қазақ ақын-жазушыларының (А. Құнанбайұлы, М. Әуезов, Ж. Аймауытұлы, Ш. Айтматов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, М. Мақатаев, Ә. Нұрпейісов, Қ. Жұмаділов, Ж. Нәжімеденов, А. Шамкенов, Д. Әбілев, Д. Исабеков, Т. Әбдіқұлы, Б. Мұхай, Р. Тоқтаров, С. Шаймерденов, А. Нұрманов, С. Жүнісов, С. Шәріпов және т. б.) шығармалары мәтіндерінен алынған тілдік бірліктер ғылыми-теориялық тұжырымдарды дәлелдеуге негіз болды.

Мақалада жалпы және қазақ тіл білімінде сөйлемдерді құрылымы, коммуникативтік қызметі мен мақсаты тұрғысынан зерттеген теориялық еңбектер негізге алына отырып, қазақ мәтіндеріндегі тілдік деректерге талдау жасау арқылы сұраулы сөйлемдерде сөйлеушінің көзқарасын білдіретін модаль реңкті мағыналарды білдіруін анықтау зерттеу нысаны ретінде алынды.

Мақалада ұсынылған ғылыми-теориялық тұжырымдарды негіздеу үшін сұраулы сөйлемдерді құрылымдық-семантикалық, яғни «тұлғадан мағынаға қарай», функционалды-семантикалық, яғни «мағынадан тұлғаға қарай» талдау, мәнмәтіндік, яғни дифференциация және гипотетикалық түсіндіру әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында қазақ тіл біліміндегі сұраулы сөйлемдер білдіретін модаль реңкті мағыналарды анықтау мынадай кезеңдерден тұрды: а) модаль реңкті мағыналарды білдіретін тілдік құралдарды анықтау, ә) сұраулы сөйлемдер білдіретін модаль реңкті мағыналарды анықтау; ә) олардың өзара байланысын, яғни жұмсалымдық әлеуетін анықтау.

Тілдік материалдарға жоғарыда аталған әдіс-тәсілдермен талдау жасау негізінде қазақ тіліндегі сұраулы сөйленімдер білдіретін құптау (мақұлдау, келісу), кеңесу (ақылдасу), ұсыныс жасау, ақталу, ескерту, рұқсат сұрау, тыйым салу, қарсылық, наразылық, мәжбүрлілік (шарасыздық, көну), өтіну, жалыну, қорқыту, кінәлау (жазғыру) тәрізді модаль реңкті мағыналар, оларды білдіруде жұмсалатын тілдік құралдар, олардың өзара байланысы анықталды.

### Әдебиеттерге шолу

Қазақ тіл білімінде сөйлемдерді құрылымы жағынан жіктеп, қызметі мен мағынасына қарай қарастырған еңбектер біршама. Мысалы, А. Байтұрсынұлы сөйлемді алдымен *жалпы түрлері* және *айтылу түрлері* деп екіге топтастырып, соңғысын *сұраулы, лепті, тілекті, жай сөйлем* түрінде жіктеп көрсетсе (Байтұрсынов, 1992: 263), Қ. Жұбанов *хабар сазды, сұрау сазды, леп сазды сөйлем* (Жұбанов, 1999: 153) деп бөледі.

1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» сұраулы сөйлемдер мағыналық жақтан *ашық, альтернативтік, риторикалық, тұрткі сұрақ*, қызметі жағынан *негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтаушы сұрақты білдіретін сөйлемдер* (Қазақ тілінің грамматикасы, 1967: 212) болып жіктелсе, О. Төлегенов сұраулы сөйлемдерді қолданылу ерекшеліктеріне қарай үшке бөліп көрсетеді: *ашық, демеу, риторикалық мәнді сұраулы сөйлемдер* (Төлегенов, 1968: 47).

Сонымен қатар 2002 жылы жарық көрген академиялық «Қазақ грамматикасында» сөйлемдер сөйлеу мақсатына қарай *хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті* сөйлемдер деп жіктеліп, оның ішінде сұраулы сөйлемдер *қызметіне қарай*:

негізгі сұрақты, жетек сұрақты және анықтаушы сұрақты білдіретін сөйлемдер; *мағынасына қарай*: а) ашық сұрақты; ә) альтернативтік сұрақты; б) риторикалық сұрақты және в) түрткі сұрақты білдіретін сөйлемдер болып бөлінсе (Қазақ грамматикасы, 2002: 665-668), ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер *субъектінің; предикативтік іс-әрекеттің, сапаның, сынның; іс-қимыл объектісінің; іс-қимылдың сапасының, себебінің, мекенінің, мезгілінің және зат сапасының, сынының, санының іздеулі екенін білдіретін сұраулы сөйлемдер* (Әмір, Әмірова, 2003: 63) деп жіктеледі.

Қазақ тіліндегі сұрау есімдіктерінің грамматикалық ерекшеліктерін қарастырған Б.А. Омарова сұрау есімдікті қыстырмаларды: 1) сөйлеушінің ойының дәлдігін, күмәнсіздігін білдіретін қыстырмалар: *не де болса, кім болса да, қалай демек те, қанша дегенмен, қалай болғанда да және т.б.*; 2) белгісіздік мағынадағы қыстырмалар: *неге екенін білмеймін, не үшін екен, кім білсін, қайдан келгені белгісіз және т.б.*; 3) сөйлеушінің өкінішін, шарасыздығын білдіретін қыстырмалар: *амал қанша, амал нешік, қайтпек керек, қайтейін және т.б.*; 4) сөйлеушінің болжамын, күмәнін білдіретін қыстырмалар: *қайдан білейін, не қылар дейсің, кім біліпті және т.б.*; 5) сұраулық мағынадағы қыстырмалар: *не, неге, немене, не болмаса, қайдан білемін, қалай, қәне және т.б.* (Омарова, 1999: 107-108) деп жіктеп, сұрау есімдіктері қатысқан лепті сөйлемдердің: шаттану, масаттану, мақтан ету; ренжу, өкіну, қорқу, сескену, аяу; бұйрық, қалау, сұрақ мағыналарын білдіретінін көрсетсе (Омарова, 1999: 124), И.А. Байтұратова сұрақ түрлерін былайша бөледі: 1) *информативті сұрақ*: а) тура сұрақ; ә) қосымша сұрақ; 2) *модальдік мағыналы сұрақ*: а) болжал мағыналы сұрақ; ә) мақұлдату мағыналы сұрақ; б) анықтау (нақтылау) мағыналы сұрақ; 3) *қайта сұрақ* (Байтұратова, 2003: 52-57).

Жоғарыда аталған еңбектерде сұраулы сөйлемдердің құрылымы, қызметі (мағынасы) құрылымдық грамматика тұрғысынан ашып көрсетілсе, кейінгі кездері сұраулы сөйлемдердің мағынасы ішінара функционалдық, прагматикалық тұрғыдан да зерттеу нысаны ретінде алынғанын байқаймыз. Мысалы, зерттеуші С.Б. Кабдрғалинова «сұрау сөздері қатысқан сөйлемдердің прагматикалық бағыты, біріншіден, сөйлем түрінің мақсаты жағынан сұрақты білдіретін құрал, екіншіден, экспрессивтіліктің семантикалық және морфоло-

гияланған құралы болып табылады», – деп тұжырымдаса (Кабдрғалинова, 2006: 108), ғалым Ж.А.Құсайынова сұраулы сөйлем арқылы білдірілетін эмоциялы-модалді мағыналарды: *күйзеліс-күдік, қуаныш-үміт, қуаныш-сенім, қорқыныш-күдік, сүйсіну-үміт, сүйсіну-құптау, реніш-үміт, күйзеліс-өкініш, мысқылдау-наразылық* (Құсайынова, 2010: 29-30) деп бөледі.

Сонымен қатар қазақ тіл білімінде сұраулы сөйлемдердің прагматикалық қызметіне арналған зерттеулерге А.М. Есенбаеваның (Есенбаева, 2017: 45-50), А. Нұржанның мақалаларын жатқызуда болады (Нұржан, 2019: 51-62).

Көріп отырғанымыздай, қазақ тіл біліміндегі сұраулы сөйлемдердің модаль реңкті мағыналары арнайы зерттеу нысаны болмаған. Сондықтан төменде жалпы тіл білімінде сұраулы сөйлемдердің модальдық мағына білдіруін қарастырған зерттеулерге назар аударамыз. Мысалы, ғалым А.М. Пешковский *сұрау модальдылығын* бұйыру модальдылығының бір түрі ретінде қарастырса (Пешковский, 1956: 66), зерттеуші А.М. Визгина «сұраулы сөйлемдердің модальды мазмұны күмән, сенімсіздік, тайғақтау, қауіптену, үрей, түсінбестік, сенімсіздік, тандану, қуану және т.б. *экспрессивті-модальді және эмоциональды-модальды* реңктермен күрделенеді» (Визгина, 1973: 15) деген тұжырымға келеді.

Зерттеуші Е.П. Хидешели сұраулы сөйлемдерді модальдылық функциональды-семантикалық категориясының маңызды құрылымдық мазмұндық компоненті ретінде қарастырса (Хидешели, 2005: 85-96), Е.В. Рагозина сұраулы сөйлемдерді және олардың модальдық мағыналарын кешенді түрде қарастыра келе: «комплексное исследование как вопросительных предложений, так и реализующихся в них составных модальных значений, позволяет сделать вывод о существовании особого типа модальности – *вопросительной модальности*, характеризующейся наличием прагматического основания, в рамках которого создается специфически неповторимая модально-семантическая палитра», – деп (Рагозина, 2008: 15) «сұрау модальдылығын» бөліп көрсетіп, сұраулы сөйлемдер модальдылығының тұрпат межесі эксплицитті құралдар арқылы білдірілгенімен (рай категориясы, модаль сөздер, шылаулар, қыстырма сөздер және т.б.), олардың мазмұн межесі мәнмәтінге байланысты болатынын айтады (Рагозина, 2008: 20).

Ғалым Е.В. Падучева сұраулы сөйлемдердің модальдық мағынасын сөйлеушінің коммуни-

кативті мақсатын білдіретін (хабарлау, бұйыру, сұрау) **иллокутивті модальдылық** деп атап, оны **сұрау иллокутивті модальдылығы** (*Балалар кетті ме?*), **бұйыру иллокутивті модальдылығы** (*Кетіңдер, балалар!*), **нөлдік иллокутивтілік** (*Мен балалар кетті деп ойлаймын*) түрінде жіктесе (Падучева, 2016: 14), зерттеушілер С.С. Ваулина мен И.Ю. Кукса сұраулы сөйлемдер білдіретін модальдық мағыналарды «прагматикалық модальдылық» деп атап, оның модельдерін былайша көрсетеді: 1) сұрау модальдылығының мазмұн межесі нақты көрсетілген мақсаттан, яғни қойылған сұраққа жауап алудан тұрады; 2) субъективті модальдылық сөйлеушінің сөйленім мазмұнының ақиқаттығына, сондай-ақ әртүрлі субъективті бағалау реакциясына (күмән, кіналау, мадақтау және т.б.) қатынасын білдіреді; 3) бұйрықтық модальдылығы субъекті мен объекті арасындағы қатынаста іске асатын жеке мағыналар кешенін білдіреді (Ваулина, Кукса, 2018: 123).

Сонымен қатар тіл біліміндегі сөйлеу актісі теориясына қатысты Дж.Серль, Дж. Хабермас, Б. Фрайзер, Д. Вендерлих, А. Кратцер сияқты ғалымдардың еңбектері қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдердің табиғатын прагматика саласы тұрғысынан аша түсуге негіз болады (Searle, 1975; Habermas, 1971; Fraser, 1975; Wunderlich, 1976; Kratzer, 1991).

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Тіл біліміндегі құрылымдық-семантикалық, яғни «тұлғадан мағынаға қарай», функционалды-семантикалық, яғни «мағынадан тұлғаға қарай» талдау, мәнмәтіндік, яғни дифференциация және гипотетикалық түсіндіру әдістері қолданыла отырып, қазақ тіліндегі сұраулы сөйленімдердің төмендегі модаль ренкті мағыналарды білдіретіндігі анықталды.

#### Құптау (мақұлдау, келісу) мағынасы

Сөйлеуші сөйлеуде сұраулы сөйлемдерді қолдана отырып, қандай да бір ақпараттық анықтығын (немесе анық еместігін), іс-әрекетті орындаудың дұрыстығын (немесе дұрыс емес екендігін) құптау (мақұлдау, келісу) білуді мақсат етеді.

Құптау (мақұлдау, келісу) мағынасы **ма/ме** сұраулық демеулігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Қазақ хандарында гарем... гарем дегеннің не екенін түсінесің зой.* –

*Әлбетте. Тек бізде оны харамхана дейді. – Демек, сіздерде де болған зой? – Е, харамханасыз хан бола ма? (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»).* Бұл сөйленімде «харамханасыз хан бола ма?» деген сұрақты формадағы тіркес «қазақ хандарында харамхананың болатындығын мақұлдау» мағынасында жұмсалған.

Құптау (мақұлдау, келісу) мағынасы **сөз бар ма** тұрақтанған құрылым қатысқан сөйленім арқылы да білдіріледі. Мысалы, – *Бекер бағын байлап жүрсің. Жануар, ақ арғымақ пырақ қой. Қанатты болмаса, тұяқты малда оған шақ келетін жылқы жоқ болар. – Сөз бар ма, Көрұғлының қара атының тұқымы зой (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»).* Келтірілген сөйленімде «сөз бар ма?» сұрау формалы тіркесінің жанама мағынасы негізінде «атқа шақ келетін жылқының жоқ екендігін мақұлдау» мағынасы білдірілген.

#### Кеңесу (ақылдасу) мағынасы

Сөйлеуші тыңдаушыға сұрақ қою арқылы қандай да бір ақпарат, іс-әрекет туралы оның ойын біліп, онымен кеңесу, ақылдасу мақсатын көздейді.

Кеңесу (ақылдасу) мағынасы сұрау есімдігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Піскен бидайды ғана аламыз. Сен тиме! Мен білем, мен басын ғана үзіп алам. – Иә, мен қайтем? Әжем маған да тер деген. (М. Әуезов, «Абай жолы»).*

Кеңесу (ақылдасу) мағынасы **ма/ме** сұраулық демеулігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, *Бұл жұртта қанша отырар екенбіз? Ауыр теңдерді шешіп, ақ үйлерді тігеміз бе, әлде жеңіл-желпі, қоңыр үйлер дұрыс па? (Қ. Жұмаділов, «Соңғы көш»).*

Келтірілген мысалдарда қандай да бір ақпаратты сұраудан гөрі, бидайды теру немесе термеу, ақ үй немесе қоңыр үй тігу туралы ақыл-кеңес сұрау мағынасы білдіріледі.

Кеңесу мағынасы білдіруде «не айтасың?», «қалай ойлайсың?», «не істесем болады?», «қандай ақыл-кеңес бересіз» сияқты құрылымдар қолданылады. Мысалы, *Жақып. Балам, шаршаның ба? Жанат. Жоқ, Жәке. Жақып. Бері келші. Әркім етекпен ала бастады. Жас болса келіп қалды. Алысуға әл жете ме? Бас сауғаға ар жете ме? Ақыл жастан, балам сен не айтасың? Көпті көрген кемпір, сен не айтасың? (Ғ. Мұстафин); – Комиссар, не істейміз?- деді ол. – Өздерің ... қалай ойлайсыңдар? (Ә. Нұрпейісов, «Күткен күн»).*

### Ұсыныс жасау мағынасы

Сөйлеушінің тыңдаушыға қойған сұрағы ақпарат алу мақсатында емес, қандай да бір істі орындауға немесе орындамауға қатысты ұсыныс жасау мақсатында жұмсалуды мүмкін.

Ұсыныс жасау мағынасы сұрау есімдігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, Максим. ... *Бір-бірден тартып жібереміз-ау деймін, директор жолдас, қалай қарайсың?* Болат. А, мейлі. (А. Шамкенов, Таңдамалы); *Сіз бір жолға соларды сайлап, сынап келсеңіз қайтер еді?* (М. Әуезов, «Абай жолы»).

Ұсыныс жасау мағынасы **ма/ме** сұраулық демеулігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Мүсіреп аға, маралымды көресіз бе? – Көр десең көрейін* (Ғ. Мүсірепов, «Ұлпан»).

Мысалға алынған сөйлемдерде «тартып жіберу», сынап келу, маралды көру туралы ұсыныстар сұраулы сөйлемдер арқылы білдіріліп тұр. Мұнда сұраулы сөйлемдер қандай да бір ақпаратты тікелей емес, жанама, сыпайы түрде жеткізу қызметін атқарады.

### Ақталу мағынасы

Сұраулы сөйлемдер кейде сөйлеушінің қандай да бір іс-әрекет жасағаны немесе жасамағаны үшін ақталуын жеткізу мақсатында қолданылады.

Ақталу мағынасы «не жазығымыз бар?», «кінәміз не?», «айыптымыз ба?» деген сияқты сұраулы құрылымдар арқылы беріледі. Мысалы, *Әйтпесе түсіріп алатын кісі едік. Есіл жарым, екі көзің жаудырап, орысқа қор боп кеттің-ау! Жұртым-ау, менде не жазық бар? Ақбілекті жіберіп қойғандарың ба? Кеудеде шыбындарың болса, неге қимылдамайсыңдар?* (Ж. Аймауытов, Шығ.); Қуатжан. *Партияға беретін малымыз жоқ. Келер пайдасы болмаған соң арам тер болып неміз?.. Есендік. Біздің не жазығымыз бар оларға? Не кінә қояды солар?* (М. Әуезов, «Бәйбіше-тоқал»).

Келтірілген сұраулы сөйлемдерде кейіпкердің шарасы болмағандықтан, Ақбілекті жіберіп қойғанына, партияға мал беретіндей күнәсі жоқ екендігіне ақталу мағынасы білдірілген.

### Ескерту мағынасы

Сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған сұраулы сөйлем формасындағы сөйленімі қандай да ақпарат алу мақсатында емес, тыңдаушыны белгілі бір жайт туралы ескерту мәнінде жұмсалуды мүмкін.

Ескерту мағынасы **ма/ме** сұраулық демеулігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мыса-

лы, – *Сен жаңағы ат қойған деген пәлені қайдан шығардың? Оның жаман ырымын айтпап па едім?* (М. Әуезов, «Абай жолы»).

Ескерту мағынасы **ғой** нақтылау демеулігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Естідіңдер ғой хазіреттің сөзін? Ендеше сол! Құдайдың сүйген құлының айтқаны құдай сөзі! Ол дін жолы болса, хкімет алдында басым және екеу емес. Бұзықты «босат» деген сөздеріңді естімеймін ағайын! Бітті* (Д. Әбілев, Шығ.).

Алғашқы мысалда кейіпкер үйге қарай ат қоюдың жаман ырым екенін ескертсе, екіншісінде «бұзықты босатпауға» хазіреттің сөзі себеп болып тұрғаны қатаң ескертіледі.

### Рұқсат сұрау мағынасы

Сөйлеушінің әңгімелесушіден қандай да бір іс-әрекетті орындауға немесе орындамауға рұқсат сұрау мағынасын сыпайы түрде сұраулы сөйлем арқылы жеткізуі сөйлеу қарым-қатынасын сәтті жүргізіп, тиімді нәтиже алуға себеп болады.

Рұқсат сұрау мағынасы **ма/ме** сұраулық демеулігі қатысқан сөйленім арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Біз ертең Наташаға екеуміз Үлкен театрдың филиалына барайық деп едік, сағат бестерде келемін. Баруға бола ма?* (А. Шамкенов, Таңдамалы); – *Ата мен кете берейін бе?* (Ж. Нәжімеденов, «Ақ шағыл»). Келтірілген мысалдарда баруға, кетуге рұқсат сұрау мағынасы сұраулы сөйлем арқылы сыпайы түрде жеткізіледі.

Рұқсат сұрау мағынасы сұрау мәнді сөйленімде **рұқсат ету, рұқсат беру** тіркестері қатысқанда интонация арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Темекі тартуға рұқсат етіңіз?* (А. Шамкенов, Таңдамалы).

Рұқсат сұрау мағынасы интонация арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Апа, далаға барайын?* (С. Жүнісов, «Аманай мен Заманай»); – *Мүмкін, бірге болармыз?* (А. Шамкенов, Таңдамалы). Бұл сөйлемдерде негізгі сұрау элементі қатыспағанымен, жазуда сұрақ белгісі арқылы рәсімделсе, айтуда интонация баяу түрде шығып, кейіпкердің әңгімелесушіден далаға баруға, бірге болуға рұқсат сұрауы білдіріледі.

### Тыйым салу мағынасы

Сөйлеу жағдаятына байланысты сөйлеуші сұрау мағыналы тілдік құралдар қатысқан сөйлемдер арқылы сөйлеуші тыңдаушыдан белгілі бір әрекеттің орындалуына немесе орындалмауына тыйым салуды көздейді.

Тыйым салу мағынасы сұрау есімдігі қай-таланған сөйленімде интонация арқылы білдіріледі. Мысалы, Сырым. *Қаракөз, қайда барасың, қайда?* (М. Әуезов, «Қаракөз»).

Тыйым салу мағынасы сұраулы сөйленімнің жалпы мазмұны арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Ие, бәсе! Апасы болса шала туған нәрестені алты айлығында... – Жә! Біліксіздің білмегенін кешірмесең білгендігің кәне?* (Ә. Нұрпейісов, «Күткен күн»).

Бірінші сөйлемде кейіпкер Қарагөздің бір жаққа баруына, ал екінші сөйлемде әңгімелесушінің білместік жасағанына қатысты тыйым салады.

### Қарсылық мағынасы

Жазуда сұрақ белгісі, айтуда сұраулы интонация арқылы айтылатын сұраулы сөйлемдерде қандай да бір іс-әрекетті орындауға (немесе орындамауға) қарсы уәж айту мағынасы білдіріледі.

Қарсылық мағынасы сұрау есімдігі қатысқан сөйленімде интонация, сөйленім мазмұны арқылы білдіріледі. Мысалы, Зәуре. *Тәрбиелегендеріңе сөзім жоқ. Бірақ, қайтейін, сүймеген адамыма қайтіп барайын?... Айып өздеріңде. Мені шын балам десеңдер, жылатпауларың керек еді, сүйгеніме қосуларың керек еді* (Б. Майлин, «Қашқын келіншек»). Бұл сөйленімде «қайтіп барайын?» сұрау формалы тіркесі арқылы бүкіл сөйленім мазмұнынан «сүймеген адамға бармаймын» деген қарсылық таныту мағынасы көрінеді. *Құнанбай бұған суық қарады, жақтырмады. – Аяғына жығыл деймісің?* (М. Әуезов, «Абай жолы»). Қара жазумен берілген сұраулы сөйлем «аяғына жығылмаймын» деген қарсылық мағынасын білдіреді.

Қарсылық мағынасы **ма/ме** сұраулық демеулігі қатысқан сөйленімде сөйлем мазмұны арқылы білдіріледі. Мысалы, – *Профессордың қызы профессордың ұлына тұрмысқа шығуы керек пе?* (Д. Исабеков, «Әпке»). – *Ой, бұзық-ай! Қарай гөр! Кімге қылыш шап деп отырғанын түсінемісің?* (Д. Әбілев, Шығ.). Бірінші сұраулы сөйлемнің мәтіні арқылы «профессордың ұлына тұрмысқа шығуға қарсылық» мағынасы берілсе, екінші сөйлемнің прагматикалық мағынасы «қылыш шаба алмаймын» деген қарсылық мәніне саяды.

Қарсылық мағынасы сұраулы сөйленімнің мазмұны арқылы білдіріледі. Мысалы:

*Абай.*

– *Ендеше түп-түйінді айтады екеміз. Сонда қыстау жайындағы ашудың өзі әділет пе?*

– *Әділет, сенің ойыңша, біреудің басына күн туса, соның орнын тартып алу зой?*

– *Тартып алғыштың басы, шынға келсек, Байсал емес, өзіміз зой. Байсал алушы емес, алынушы боп келмеп пе еді бұл күнге шейін? Өмір бойы бір-ақ қыстау сұрап емінгені өзіңіз емес пе едіңіз?...*

*Құнанбай.*

– *Жә, суырылма!.. Менімен жарыса түспек пе ең?* – *деді* (М. Әуезов, «Абай жолы»).

Мысалға алынған сөйлеу үзінде Абай мен Құнанбай арасындағы сұрақ формасында (*әділет пе?* – әділет емес, *тартып алу зой?* – тартып алу әділет емес, *жарыса түспек пе ең?* – менімен жарыспа) құрылған пікірталас қарсылығы сипатталған.

### Наразылық мағынасы

Мәтін ішінде сұраулы элементтер қатысқан сөйлемдер арқылы сөйлеушінің қандай да бір ақпаратқа немесе іс-әрекеттің орындалуына немесе орындалмауына қатысты наразылығы білдіріледі.

Наразылық мағынасы сұрау есімдігі, **ма/ме** сұраулық демеулігі қатысқан сөйленімнің мазмұны арқылы білдіріледі. Мысалы,

– *Бұйрық сол, үй тігесіңдер. Қараша, Қаумен, сендерді іздеп келеміз. Осы Үркімбай, Қаумен, Қараша – үшеуіңнің ауылдарыңда сияз болады. Ел жиылады. Керей, Уақтың даугерлері келеді. Ел мен елді ақылдастырамыз, ұрыдан мал алып береміз дейді.*

– *Кім айтады?* – *деп, Қаумен тіксінді.*

– *Әперетін кім?* – *деп, Қараша қайтадан қадалды.*

– *Ұрыдан әпере ме, жоқ, ұры емеске де салмақ түссін дей ме?* – *деп, Үркімбай жалт қарады* (М. Әуезов, «Абай жолы»). Келтірілген сұқбат түріндегі мәтін үзінгінің мазмұнына терең үңілсек, Қаумен мен Қарашаның үй тігуге қарсылығы «кім айтады?», «әперетін кім?», «ұрыдан әпере ме?», «салмақ түссін дей ме?» сұрау формасындағы сөйлемдер арқылы білдірілген.

### Мәжбүрлілік (шарасыздық, көну) мағынасы

Сөйлеуші сөйлеу әрекеті барысында мәжбүрлілік, шарасыздық мағынасын шебер, көркем жеткізу үшін сұраулы сөйлемдерді қолдануы мүмкін.

Мәжбүрлілік (шарасыздық, көну) мағынасы сұрау есімдігі қатысқан сөйленімнің мазмұны арқылы білдіріледі. Мысалы, *Қаниа қиналсақта, ештеңе деп шағымданбаушы едік. Шағымданғанда қайда барасың?* (Ж. Аймауытұлы,



Шығ.). Мұндағы қою жазумен берілген сұраулы сөйлем «шағымдана алмайсың», «шағымданбауға көнесің» деген мәжбүрлік мағынасын білдіреді.

Мәжбүрлік (шарасыздық, көну) мағынасы **амал нешік, лаж бар ма** тұрақты тіркестері қатысқан сөйленімнің мазмұны арқылы білдіріледі. Мысалы, **Амалың нешік? Көнбесіңе шама жоқ** (Ж. Аймауытұлы, Шығ.); – ... **Арқасына күн өткен ешкі құсап үйден шықсаң-ақ шыбжықтап қайтып кете бересің. – Кетпесіме лаж бар ма?** (Ә. Нұрпейісов, «Қан мен тер»). Алғашқы сөйлемде «амал нешік?» сұраулы тіркесі «көнуге тура келеді», екінші сөйлемдегі «лаж бар ма?» сұраулы тіркесі «кетуге мәжбүр боласың» деген мәжбүрлік мағынаны білдіреді.

#### Өтіну мағынасы

